

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша 2000 жылғы тамыз, қыркүйек үшін алдағы және мерзімі өткен төлемдерді өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 3 тамыз N 1182

Қазақстан Республикасының шетелдік кредиторлар алдындағы міндеттемелерін орындау және дефолт фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша республикалық бюджеттен бұрын бөлінген қаражаттың қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) 1992 жылғы 6 қарашадағы N 13-6/И-947, 1993 жылғы 10 мамырдағы N 26-15/116, 1993 жылғы 7 маусымдағы N 23-15/8347, 1993 жылғы 18 қарашадағы N 22-1-6/38, 1995 жылғы 3 сәуірдегі N Ф22-3/5, 1995 жылғы 8 маусымдағы N Ф 22-3/8, 1995 жылғы 9 тамыздағы N Ф-22-3/11, 1995 жылғы 1 желтоқсандағы N 0000001, 1995 жылғы 1 желтоқсандағы N 0000003, 1996 жылғы 11 наурыздағы N 0000012 Қазақстан Республикасы берген мемлекеттік кепілдіктерге және Әлембанк (бұрынғы Қазсыртқыэкономбанк) ұсынған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Австрия Федералдық Қаржы министрлігінің арасындағы 1994 жылғы 19 желтоқсандағы Келісімге жасалған өзгеріске сәйкес шетел банктері шоттарының негізіне дәрменсіз заемшылар үшін алдағы және мерзімі өткен төлемдерді (1, 2-қосымшаларға сәйкес) 2000 жылға арналған республикалық бюджетте "Несиелендіру" бөлімі бойынша көзделген қаражаттың шегінде төлейтін болсын;

2) заемшылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды пайдалану жөніндегі қызметіне қаржылық-шаруашылық тексеріс жүргізсін және оларды пайдалану тәртібін бұзушылық фактілері анықталған жағдайда кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес жауапқа тарту мақсатында материалдарды құқық қорғау органдарына, соттарға тапсырсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі заемшылардың банкроттығы рәсіміне дейін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша қаржылық міндеттемелерін орындамаған тұлғаларды азаматтық-құқықтық және қылмыстық жауапкершілікке тартуға заңнамада белгіленген тәртіппен шаралар қолдансын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету жөнінде барлық қажетті

ш а р а л а р д ы

қ о л д а н с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі, "Тұран Әлем Банкі" ашық акционерлік қоғамы және "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) қаржылық міндеттемелері республикалық бюджеттің есебінен орындалған заемшыларға

катысты бөлінген мемлекеттік бюджеттік қаражатты қайтару жөнінде қолданылған шаралар мен олардың нәтижелілігі туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат берсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастан күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 3 тамыздағы
N 1182 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес
сыртқы заемдарды өтеу жөніндегі алдағы төлемдердің
Сомасы

Заемшы ұйым! Төлем ! Төлем ! Төлем ! Негізгі !Пайыздар !Басқалары
!валюта.! күні ! сомасы ! борыш !
!сы ! ! ! ! !

Германия кредит желісі
ҚР ИМ ҚАЖД EUR 01.08.00 869227,49 778373,95 90853,54 0,00
"Екібастұз.
көмір" МАҚ EUR 01.08.00 368119,28 329642,66 38476,62 0,00
"Павлодар.
трактор" МАҚ EUR 01.09.00 2173950,25 1809499,46 364450,79 0,00
"Құрылыс.
фарфор" АҚ EUR 30.09.00 714857,15 694771,50 20085,65 0,00
АЗАТ EUR 01.09.00 1463631,81 1312486,26 151145,55 0,00
"Екібастұз.
көмір" МАҚ EUR 30.09.00 1095823,67 947432,12 148391,55 0,00

Австрия кредит желісі

"Рахат" БК USD 30.09.00 1581482,40 0,00 1135255,00 446227,40

Канада кредит желісі

"Аквест" БК USD 15.08.00 814387,84 757351,86 55518,10 1517,88

Барлығы EUR 6685609,65 5872205,95 813403,70 0,00
USD 2395870,24 757351,86 1190773,10 447745,28

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2000 жылғы 3 тамыздағы

N 1182 қаулысына

2-қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес
сыртқы заемдарды өтеу жөніндегі мерзімі өткен төлемдердің
Сомасы

Заемшы ұйым! Төлем ! Төлем ! Төлем ! Негізгі ! Пайыздар !Басқалары
!валютасы! күні ! сомасы ! борыш ! !

Германия кредит желісі

"Екібастұз.

көмір" МАҚ DM 27.03.00 193,70 0,00 0,00 193,70

"Екібастұз.

көмір" МАҚ DM 25.04.00 3830,65 0,00 0,00 3830,65

"Екібастұз.

көмір" МАҚ EUR 03.02.00 1576,54 0,00 0,00 1576,54

"Жылуприбор"

АҚ EUR 27.12.99 5067,89 0,00 0,00 5067,89

Чехия кредит желісі

"Конденсат" АҚ USD 25.04.00 10242,69 0,00 0,00 10242,69

Жапония кредит желісі

"Қармет.

комбинат" МАҚ JPY 07.06.00 1580015,00 0,00 0,00 1580015,00

Барлығы DM 4024,35 0,00 0,00 4024,35

EUR	6644,43	0,00	0,00	6644,43
USD	10242,69	0,00	0,00	10242,69
JPY	1580015,00	0,00	0,00	1580015,00

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.